
Астана қаласының С.Мәуленов атындағы «№37 мектеп лицей» ШЖҚ МКК

2025-2026 оқу жылының педагог-психолог жұмысының есебі

Педагог-психолог: Биржантиева К.К.

2025-2026 оқу жылындағы инклюзивті білім беру бойынша педагог-психологтың балалармен жұмысы бойынша есебі

2025-2026 оқу жылында ерекше балаларды қолдау кабинетінде 42 оқушы білім алуда. Оның ішінде психологқа 27 оқушы келеді. Оқу жылы аралығында кеткен оқушылар: Аметов Меірбек. Жаңадан келген оқушылар: Еркін Расул. Мектепте инклюзивті балаларға білім беру жеке тұлғаны дамытуға бағытталған түзету-дамыту білім беру және оқыту арқылы интеллектуалдық және психофизикалық дамуында ауытқуы бар балаланың толыққанды әлеуметтенген тұлғасын қалыптастыруға, қажетті өмірлік маңызды білімдерді және дағдыларды меңгеруге, әлеуметтік бейімделуіне бағыттау.



Инклюзивті білім берудегі балалармен психолог қызметінің негізгі бағыттары:

- Психодиагностикалық жұмыс;
- Түзету -дамыту жұмыстары;
- Кеңес беру жұмысы;
- Тәрбиелілік;
- Профилактикалық;

Педагог-психологтың қызметінің мақсаты:

Тұлғалық маңызы бар қасиеттерді қалыптастыру және тәрбиеленушілердің барлық жас кезеңдерінде сәтті әлеуметтік-психологиялық даму мен өзін-өзі анықтауы үшін қолайлы жағдайлар жасау.

Қойылған мақсатқа сәйкес келесі міндеттер шешілді:

- Баланы психологиялық-педагогикалық тұрғыда жеке сүйемелдеу;
- Психологиялық алдын алу жұмыстары;
- Жеке сабақтар өткізу;

- Балалардың жеке диагностикалау және түзету;
- Әр баланың тұлғалық әлеуетін жүзеге асыруына жағдай жасау;
- Баланың тұлғалық ерекшеліктеріне сәйкес кеңістіктік ортаны қалыптастыру;
- Балалардың эмоционалдық жайлылығын қамтамасыз ететін психологиялық жеңілдену бұрыштарын жасау.

Психологиялық түзету – бұл балалық шақта тұлғаның қалыптасуына белсенді ықпал ету және оның даралығын сақтау процесі.
Бір жыл ішінде келесі бағыттар бойынша жұмыс жүргізілді:

I. Ұйымдастырушылық жұмыс

1 қыркүйек аралығында ООП (арнайы білім беру қажеттіліктері бар) оқушыларының медициналық карталары мен ПМПК қорытындыларына талдау жасалды.
ПМПК ұсынысы бойынша ООП бар оқушылардың сабақтарына қатыстым.
Диагностика нәтижелері негізінде әрбір оқушыға жеке даму бағдарламасы әзірленді.
Кейінгі жұмыс жоспар мен кестеге сәйкес жүргізілді.

II. Құжаттармен жұмыс

Уақытылы келесі құжаттар рәсімделді:

- Жылдық жұмыс жоспары;
- КПИ-ге келетін балалар тізімі;
- Психологиялық сабақтарға қатысуды есепке алу журналы;
- Психологтың түзету-дамыту қызметінің жеке жоспарлары;
- Сабақ жоспарлары.
- жұмыс уақытының кестесі

III. Түзету-дамыту жұмысы

Бір жыл ішінде келесі бағыттарда жеке сабақтар жүргізілді:

- Коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- Ерік саласын дамыту;
- Психоэмоционалдық шиеленісті жою;
- Есте сақтау, зейін және ойлау қабілеттерін қалыптастыру.

Жұмыс балалардың танымдық процестерінің төмен деңгейін ескере отырып жүргізілді. Бұл жұмыс баланың қабілетін арттыруға, мектепке психологиялық тұрғыдан дайындығын жоғарылатуға және бейімделмеудің алдын алуға бағытталды.

Сабақтар 1 қыркүйектен бастап аптасына 2 рет талаптарға сай өткізілді.
Сабақ ұзақтығы – 30 минут.

Әрбір сабақ келесі кезеңдерден тұрды:

- Ұйымдастырушылық кезең (балаларға жағымды көңіл күй орнату, назарын аударуға бағытталған ойындар);
- Мотивациялық кезең (сабақтың тақырыбын таныстыру, тақырып бойынша бастапқы білім деңгейін анықтау);
- Практикалық кезең (жаңа ақпарат беру, коммуникативтік және танымдық қабілеттерді дамытуға арналған тапсырмалар);
- Рефлексиялық кезең
- Сабақтар жоспарға сай өткізілді.

Түзету жұмысының мазмұны:

- Арт-терапия және ойын жаттығулары арқылы жағымды психологиялық климат пен жайлы орта қалыптастыру;
- Әр сабақ белгілі бір тақырыпқа арналды.

Сабақ тақырыптары:

1. Коммуникативтік дағдыларды дамыту (ынтымақтастық орта құру);
2. Психикалық процестерді дамыту (зейін, есте сақтау, ойлау);
3. Ұсақ және жалпы мотериканы дамыту
4. Ойын әрекетін қалыптастыру, психоэмоционалды шиеленісті төмендету;
5. Денсаулықты сақтау (көзге арналған жаттығулар, саусақ гимнастикасы);
6. Психикалық қызметтің жекелеген аспектілерін түзету (көру арқылы қабылдау, кеңістік-уақыт түсініктерін дамыту).

Сабақтарға қызығушылықты арттыру үшін сөздік ойындар, көрнекі құралдар және таратпа материалдар пайдаланылды. Барлық түзету-дамыту жұмысы ойын түрінде өткізіліп, танымдық психикалық процестерді дамытуға бағытталды:

- Есте сақтау («Әдепті сөздер», «Жаттап ал»);
- Зейінді дамыту («Лабиринт» және т.б.).

Барлық ойындар мен жаттығулар сабақ тақырыптарына сәйкес таңдалды.

Мониторингтің мақсаты-оқушының жеткілікті қолдау алатынын анықтау, оны қысқарту немесе көбейту қажет болуы мүмкін.

Тиімді қолдау критерийі-Оқушының сабақтағы іс-әрекетке және мектептегі сабақтан тыс іс-шараларға қатысуы, ал көрсеткіштер: - оқушының мектепке, мұғалімдерге, сыныптастарына деген оң көзқарасы (жоғары оқу мотивациясы, эмоционалды әл-ауқат, сабақты өткізіп жіберудің минимумы, сыныпта достарының болуы);

- жалпы білім беру, қысқартылған немесе жеке бағдарлама шеңберіндегі академиялық жетістік;

- оқушының әлеуметтік бейімделуі (мектепте, үйде барлық мінез-құлық нормаларын орындау, хобби, сүйікті іс-әрекеттердің болуы).

1. **Оқу қызметінің компоненттерін қалыптастыру және дамыту.**
   1. Мотивациялық сала
   2. Мақсат қою (оқу тапсырмасының мақсатын қабылдау)
   3. Қызметті жоспарлау
   4. Жоспарды іске асыру (іс-әрекеттерді орындау)
   5. Өз қызметін бақылау және бағалау

Жалпы алғанда, 27 оқушыда оқу-танымдық іс-әрекетте тұрақты бұзушылықтардың сақталуына байланысты түзете-дамыту жұмыстарын жалғастыру қажеттілігі анықталды. Осыған оқушылар келесі оқу жылына қалдырылып, олармен жүйелі психологиялық қолдау көрсету ұсынылады. ПМПК ұсыныстарын ескере отырып әр оқушыға жеке түзету бағдарламасы құрылды. Бағдарламада 2 сағ. диагностикаға арналады. Бағдарламалардың көлемі 34 сағ. құрайды.

Жүргізілген жұмыстар:

- Диагностикалық зерттеу (байқау, әңгімелесу, жобалық әдістер);
- Мұғалімдер мен ата-аналарға психологиялық кеңес беру;
- Бейімделу кезеңінде психологиялық сүйемелдеу;
- Құрдастармен өзара әрекеттесуін дамытуға арналған серіктестік ойын жаттығулары, логикалық тапсырмалар;
- Танымдық, сөйлеу, ұсақ және ірі моторика дағдыларын дамыту;
- Эмоционалдық тұрақтылық пен өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыру.

